



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

25.12.2025 ж.

№ 8, 8-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» байқауы туралы Ережесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

«Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» байқауына қатысушылардың қызметін тиімді әрі әділ бағалау мақсатында Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Еңбекті қорғау жөніндегі үздік техникалық инспекторы» байқауы туралы Ережесіне (әрі қарай – Байқау туралы Ереже) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1.1 Байқау туралы Ережеге № 1 қосымшада «Қосымша артықшылық көрсеткіштері» кестесіндегі (кестесіндегі) 1, 2-тармақшалары келесі мазмұнда жазылсын:

1.2 - 1) тармақша «Еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың жұмыс нәтижелері туралы кәсіподақ мүшелерін хабардар ететін баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдарындағы, сондай-ақ білім беру ұйымының әлеуметтік желілеріндегі мақалалар саны (газеттердегі мақалалардың көшірмелері және сайттарда орналастырылған ақпараттық материалдардың тізбесі ұсынылады)», бағалау критерийі «әрбір жарияланым үшін 2 балл (ұпай)»;

1.3 - 2) тармақша «ҚР Кәсіподақ федерациясының, Салалық кәсіподақ сайттарындағы еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспектордың материалдары бойынша дайындалған ақпарат (схемалар, диаграммалар, кестелер)», бағалау критерийі «әрбір жарияланым үшін 2 балл (ұпай)».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева